

## **ҚҰРМЕТТІ КЕЗДЕСУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР!**

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы 2 шілдеде **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы курес туралы»** арнайы заңын қабылдады. Кейіннен бұл саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру барысында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларын және басқада жалпы жұрт таныған халықаралық актілерді ратификациялап, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік қоғамдастықтың тең мүшесіне айналды.

Қазіргі таңда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсененді жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлық қазіргі заманғы қоғамның жағымсыз құбылысы болып табылады. Бұл құбылыс тұрақты түрде мұқият зерделеуді, жүйелік ұстанымды, кешенді және жедел қарсы іс-қимылды талап етеді.

Ескі заңнамаға қарағанда, жаңа Заң сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жаңа институттарды енгізіп айқындалап берді

Ережелер мен норма бұзушылықты және қызметтік этика ережелерін ажырату мақсатында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Заңымен тәртіптік жауапкершілікті алып таstadtы.

**2015 жылдың 18 қарашасы қабылдаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» заңына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне:**

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілері: мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалар жатады.

\*\*\*

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық саласын зақымдайды сонын ішіне денсаулық сақтау басқармалары да кіреді.

Денсаулық сақтау мекемелерінің мәні өте маңызды, бұл табиғи өсім, сырқаттанушылықтың көрсеткішін тәмендету, еңбек өнімділігінің өсуі.

**Денсаулықсақтау саласындағы сыбайлас жемқорлықтың түрлері:**

1. Денсаулық сақтауға бөлінген қаражаттарды ұрлау және тарату. Мысалы, дәрі дәрмектер, құрал-жабдықтар өзінің жеке пайдасына немесе сату мақсатында жұмсалады.

2. Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық .

3. Төлем жүйелеріндегі сыбайлас жемқорлық. Осы жерде сыбайлас жемқорлық іс-қимылы тегін қызмет көрсету, сақтандыру құжаттарын қолдан жасау, немесе медициналық үйымдарының құрал жабдықтарын өзінің бағытында пайдалану, жалған шоттарды, түбіртектерді жасау.

4. Дәрілік препараттарды жеткізу жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық. Мысалы, Сатуға арналған өнімді «сатуға рұқсат беру үшін» сыйақы ретінде қаражат талап ету мүмкін.

**Кең таралған «пара» түрлері:**

- еңбекке жарамсыздық парагын алу, әскери қызметке жарамсыздық туралы анықтамаларын және т.б.
- пациентке сапалы операция жүргізу үшін (яғни ерекше, жеке қарау)
- өзгеде медициналық фактілерді растау немесе жасыру

- «дұрыс» рецепті жаздыру;
- шынайы өлім себептерін бұрмалау
- ауруханада болуын ұзарту немесе азайту және т.б.

\*\*\*

Елбасының Жарлығымен 2014 жылдың  
26 желтоқсанында қабылданған «**2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы**» қылмыстық-құқықтық саясаттың үшін тұлғаларға қатаң жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Осы бағытта 2014 жылы «ҚР Қылмыстық кодексі» және «ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодекстері» түбегейлі өзгертіліп, жаңадан қабылданған болатын. Атап айтсақ, егер пара соммасы 2 АЕК-тен (1 АЕК – 2269 тенге) асса Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша:

### **366-бап Пара алу**

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе т.б. занда көзделген тұлғалар ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

*Ескерту. Егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады.*

### **367-бап. Пара беру**

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе т.б. заннамада көрсетілген тұлғаға жеке өзіне немесе делдал

арқылы пара беру – мұлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

### 368-бап. Парақорлыққа делдал болу

1. Парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету – мұлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның он еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.


Ал, егер пара соммасы **2 АЕК-тен** аспаса, «ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің» баптары қолданылады.

**676 бап** - Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі - **200 АЕК** мөлшерінде айыппұл салу;

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы - **600 АЕК** мөлшерінде айыппұл салынады.

Елімізде сыйайлас жемқорлықтың алдын-лау, жауапкершіліктерді қатаандату мақсатында көптеген заңнамалық актілер қабылданып жатсада жасалған қылмыстар азаяр емес.

Денсаулық сақтау саласы бойынша 2016 жылы елімізде **10 қылмыс** орын алған.



Өнірлік деңгейде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментімен 2016 жылды Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының және осы Заңға тәуелді актілерінің талаптарының сақталуына тексеріс жүргізілген болатын.

Тексерістің нәтижесінде көптеген заң бұзушылықтар орын алынған.

Атап, айтқанда:

- ❖ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген регламентінің 30 күнге кешіктіріп бекітілуі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 293 «Фармацевтикалық қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартары (бұдан әрі-Стандарт) бекітіліп 2015 жылдың 16 шілдесінде қолданысқа енгізілген.

Алайда, Фармацевтикалық қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтері туралы регламенті Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қазандығы № 325 қаулысы негізінде бекітілген.

Атап, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламенті мемлекеттік көрсетілетін қызмет **стандарты қолданысқа енгізілгеннен кейін 60 күнтізбелік күннен кейін бекітілген**.

Осылайша, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 16 бабының 1-тармағының «Көрсетілетін қызметті берушілердің қызметін ұйымдастыру үшін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты қолданысқа енгізілгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде орталық мемлекеттік органдар және облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқаруышы органдары мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін өзірлейді және бекітеді»-делінген талабы бұзылған.

- ❖ Тексеру барысында Стандарттармен көзделмеген құжаттар сұратуға байланысты «3» негіzsіз бастарту фактілері;

- ❖ Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде қызмет алушылардан стандартта көзделмеген **артық құжаттар жүйелі түрде суратылғандығы анықталды.**

Сондай-ақ, 2016 жылы Атырау облысы «Қоғам – Общество -Society» ғылыми – зерттеу институтымен облыс көлемінде тұрғындар арасында сауалдар жүргізілген болатын.

Сауалдардың ішінде облыс көлеміндегі тұрғындарға «Не мәселе шешілгенде және қандай жағдайда Сізге пара беруге тұра келді?» - деген сұрақ қойылып, тұрғындардың пара беруге мәжбүр болған мәселелерінің үштігі анықталды:

- емханада, ауруханада тегін медициналық көмек алғанда - 20,8%;
- жұмысқа орналасуда, қызметтік өсүде -16,9%;
- сот істерінде -11,2%.

Зерттеу мәліметтері көрсетіп тұрғандай, жемқорлық, денсаулық сақтау мен еңбекпен қамту сияқты зор әлеуметтік маңызы бар салаларды жаулап алған.

Осыған орай, өніріміздегі денсаулық сақтау саласы бойынша орын алып жатырған келеңсіз жағдайларды жою, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, осы саладағы барлық қызметкерлерге арналған профилактикалық шаралар үйымдастыру ортақ міндетіміз болып табылады.

Егер сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған немесе фактіні көрген болсаңыздар, дереу тікелей басшыларыңызға, облыстық сенім телефонына: **«45-63-23»**, сондай-ақ республикалық деңгейде **«1424»** кол орталығына хабарласуларыңызға болады.

\*\*\*\*

Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетін ынталандыру мақсатында, Үкіметтің 2015 жылғы 30 желтоқсанындағы қаулысымен **«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған** немесе **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де**

**жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы»** бекітілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе қылмыс жасау фактісі туралы хабарлауды, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған іздеудегі адамның жүрген, тұрған жері туралы нақты ақпарат беруді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты немесе қылмысты анықтау, жолын кесу және ашу үшін кейіннен маңызы болған өзге де жәрдем беруді қамтиды. Көтермелеу адам берген ақпарат шындыққа сәйкес болса және айыпты адамға қатысты әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енсе және айыптау үкімі заңды күшіне еніп, ақталмайтын негіздер бойынша істі қысқарту туралы қаулы шығарылған жағдайда ғана төленеді.

Көтермеледі алу мақсатында көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке, тіпті, қылмыстық жауапкершілікке дейін тартылатындығын ескерген жөн.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу белгіленеді.

Біржолғы ақшалай сыйақы түріндегі көтермелеу мынадай мөлшерде белгіленеді:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша - **30 айлық есептік көрсеткіш** (бұдан әрі - АЕК);
- 2) онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша — **40 АЕК**;
- 3) ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша — **50 АЕК**;

- 4) ауыр сыйбайлас жемқорлық қылмыстар туралы  
қылмыстық істер бойынша - **70 АЕК**;
- 5) аса ауыр сыйбайлас жемқорлық қылмыстар туралы  
қылмыстық істер бойынша - **100 АЕК**.

**Назарларыңызға рахмет!**